

- 15 Saussure F. de. Works on Linguistics / Translated from French under the editorship of A.A. Kholodovich; Ed. M.A. Oborin; Preface by prof. N.S. Chemodanov. – Moscow: Progress, 1977. – 696, [2] p.
- 16 Harris, Z. S. (1951). [Review of Selected Writings of Edward Sapir in Language, Culture, and Personality, by D.G. Mandelbaum]. Language, 27(3), 288-333. <https://doi.org/10.2307/409757>
- 17 Kasatkin L. L. What is a dialect language // Russian language in scientific coverage. – M., 2007. – No. 2 (14). – pp. 253-267.
- 18 Rivlina A.A. Russian English and what it is not // Russian Journal of Linguistics. – 2020. – Vol. 24. – N. 3. – P. 649-668. DOI: 10.22363/2687-0088-2020-24-3-649-668.

Received: 28.03.2026

МҒТАР 16.01.11

DOI: [10.59102/kufil/2026/iss2pp182-196](https://doi.org/10.59102/kufil/2026/iss2pp182-196)

Н.К. Тургумбаева¹, Ш. Қапантайқызы¹, А.Н. Нурланова²

¹Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, Астана, 010000, Қазақстан

²Қазақстан-Американдық еркін университеті, Өскемен, 070000, Қазақстан

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЭМОЦИЯ РЕПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ: АТАУ, СИПАТТАУ ЖӘНЕ БІЛДІРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мақалада қазақ тіліндегі эмоция репрезентациясының құралдары қарастырылады. Атау, сипаттау және білдіру қызметін атқаратын тілдік бірліктердің құрылымдық және семантикалық ерекшеліктері қарастырылады. Эмотивті лингвистиканың ұғымдық-терминологиялық жүйесі сараланып, эмоцияны жеткізу тәсілдерінің атауыштық, сипаттауыштық және экспрессивті-білдірушілік қызметтері құрылымдық-жүйелік парадигма аясында талданады. Сонымен қатар отандық және шетелдік зерттеушілердің ғылыми тұжырымдары негізінде эмотивтер мен индикативтердің арақатынасы айқындалады. Зерттеу барысында қазақ тіліндегі эмоцияны білдіретін лексикалық бірліктердің, фразеологиялық тіркестердің, морфологиялық тұлғалардың және синтаксистік құрылымдардың эмотивтік әлеуеті жан-жақты зерделенеді. Бұдан бөлек, тілдің әр деңгейінде көрініс табатын эмотивті құрылымдардың экспрессивті-прагматикалық сипатын толық бағалау үшін вербалды эмоцияларды қабылдау мәселесін зерттеудің қажеттілігі негізделді.

Зерттеу жұмысында сипаттамалық, салыстырмалы және интерпретациялық талдау әдістері қолданылып, қазақ тіліндегі эмоцияны атайтын, сипаттайтын және білдіретін тілдік бірліктер кеіненді зерттеу нысаны ретінде қарастырылады. Сондай-ақ эмотивті және индикативті бірліктердің ерекшеліктерін ажыратуда жүйелеу мен түсіндіру тәсілдері пайдаланылып, ғылыми әдебиеттерге сүйене отырып, олардың функционалдық сипаты сараланды.

Зерттеу нәтижелері қазақ тіліндегі эмоцияны жеткізу құралдарын практикалық тұрғыдан қолдануға, сөйлеу әрекетінің экспрессивтілігін арттыруға және коммуникативтік жағдаяттарға сәйкес тиімді тілдік қатынас орнатуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар мақала қазақ тіл біліміндегі эмотивті лингвистиканың теориялық және метатілдік негіздерін нақтылауға үлес қосады. Зерттеу қорытындылары табиғи тілді өңдеу жүйелерінде эмоцияны тану, интерпретациялау және жеткізу механизмдерін жетілдіруге, сондай-ақ қазақ тіліндегі эмоциялық модельдерге негізделген нейрожелілер мен чат-боттардың эмоционалды жауап беру сапасын дамытуға да көмекші бола алады.

Кілт сөздер: эмотиология, эмотивті метатіл, эмоционалды лексика, номинатив-эмотив, индикатив-эмотив, эмотивті қабылдау, хедж, оңашалану, транспозиция, парцелляция

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Қазақ тілінде эмоциялардың көрінісі – күрделі әрі көпқабатты үдеріс. Адам эмоциясын нысан етіп алған бұл үдерісті атау, сипаттау және білдіру бойынша метатілдік алақұлалықтарға шетелдік және отандық зерттеушілер назар аударған [1], [2]. Тілдің лексикалық, морфологиялық және синтаксистік деңгейлерінде түрлі тәсілдермен көрініс табатын вербалды эмоциялар адам бойындағы қажеттіліктердің өтелу-өтелмеуіне қарай жағымды және жағымсыз, өмірге әсер ету күшіне қарай күшті және әлсіз, сапасына қарай күрделі және қарапайым деп топтастыруда. Қазақ тілі олардың ішкі және сыртқы сипатын танытуда жоғары әлеуетке ие.

Эмоцияларды жеткізу үшін ең алдымен экспрессивті және эмотивті лексика қолданылады. Мысалы, қуаныш, реніш, қайғы, шаттық секілді жалпыға белгілі эмоция атауларынан бөлек, масаттану, торығу, налу сияқты сөздер пассивті қабатта сақталғанымен, әлі де қолданыста. Қазақ тіліндегі эмоцияны білдірудің маңызды ерекшелігі – тұрақты сөз тіркестері мен фразеологиялық бірліктер арқылы эмоционалды жағдайды бейнелеу. «Жүрегі жарылу», «көзі мөлтілдеу», «көңілі жабырқау» сияқты тіркестер адамның ішкі сезімін нақты әрі бейнелі түрде сипаттайды. Бұған қоса, кейбір эмоциялық реңктерді түс атаулары арқылы да беру жиі кездеседі. Мысалы, «көк» семасының эмоционалды әлеуеті жоғары және оның бата мен қарғыстағы қолданылуы эмоцияның тереңдігін білдіреді («Көсегең көгерсін», «Көк келгір!»).

Грамматиканың морфология деңгейінде эмоцияны білдіру тұлғалық өзгерістер арқылы жүзеге асады. Мысалы, -тай, -жан сияқты жұрнақтар және тәуелдік жалғаудың бірінші жағы (анашым, ботақаным) сөзге жағымды эмоционалды реңк береді. Сонымен қатар, бұйрық райлы етістіктер (кетші, жоғал) мен шартты рай тұлғалары (алсамшы, білсемші) да сөйлеушінің эмоциясын жеткізеді. Қазақ тіліндегі жіктік категориясы сөйлеудің ішкі күшін әлсірету немесе күшейту болып табылатын хедж құбылысына негіз болады [3]. Синтаксистік деңгейде оңашалану, транспозиция, парцелляция, инверсия, эллипсис, қайталау, т.б. сияқты тәсілдер эмоцияның қарқынын арттырып, мәнмәтінге қосымша эмоциялық бояу береді. Осылайша, қазақ тіліндегі эмоцияны білдіру құралдары ұлттық мәдениетпен және тілдік ерекшеліктермен тығыз байланыста қалыптасқан.

КІРІСПЕ

Адамзаттың ішкі жан дүниесін, сезімі мен көңіл-күйін айқындайтын маңызды психикалық құбылыс - эмоция. Әрбір халықтың эмоцияны жеткізу тәсілдері оның мәдениетімен, тілдік ерекшелігімен және ұлттық дүниетанымымен тығыз байланысты. Қазақ тіліндегі эмоцияларды білдіретін, атайтын және сипаттайтын бірліктер арқылы халықтың рухани әлемі, ойлау жүйесі және тұрмыс салты көрініс табады. Эмоцияларды тілде беру үшін әртүрлі тәсілдер қолданылады. Олардың қатарында лексикалық бірліктер, тұрақты тіркестер, морфологиялық және синтаксистік құрылымдар және интонациялық тәсілдер бар. Алайда бұлардағы эмоцияны білдіру қарқыны әртүрлі болып келеді. Ол аталмыш бірліктердің атауыштық, сипаттауыштық және білдірушілік қасиеттеріне байланысты. Яғни сөйлеу барысында эмоция мен сезімнің атын атау (қажетіне қарай) мен сол сөйлеу барысында эмоция мен сезімді сипаттау арасында эмотивтілік қарқыны бір дәрежеде емес. Сол сияқты соңғы аталған эмоцияны сипаттау мен оны білдіру арасындағы экспрессивті-прагматикалық қуат та әртүрлі болып келеді.

Эмоцияны тіл арқылы жеткізу мәселесі ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап психоллингвистика, когнитивті лингвистика және прагматикалық бағыттарында кеңінен

қарастырыла бастады. Әсіресе тілдің тек ақпарат жеткізуші құрал ғана емес, адамның ішкі психоэмоционалды күйін танытатын антропоэекті жүйе екені анықталғаннан кейін эмоцияны вербализациялау мәселесіне қызығушылық артты. Эмоцияны тілде сипаттау, атау және білдіру құбылыстары адамның дүниені қабылдау ерекшелігімен, мәдени жадпен және ұлттық таныммен тікелей байланысты қарастырылады. Осыған байланысты қазіргі тіл білімінде эмоцияны когнитивтік модельдеу, эмотивті семантика, эмоцияның дискурстық табиғаты және эмоцияны қабылдау тетіктері секілді бағыттар қалыптасты.

Эмотивті лингвистиканың теориялық негіздері шетелдік ғалымдардың еңбектерінде жүйелі түрде қарастырылды. Атап айтқанда, В.И.Шаховский эмоцияны тіл арқылы жеткізудің семантикалық және прагматикалық ерекшеліктерін саралап, эмотивтілікті тілдің функционалды категориясы ретінде тануды ұсынды [1]. Ғалым эмоцияны атау мен эмоцияны тікелей білдірудің ара-жігін ажыратып, эмотивтердің коммуникативтік қызметіне ерекше назар аударды. Ал Ч.Л.Стивенсон эмоцияны білдіретін тілдік бірліктердің бағалауыштық табиғатын көрсетіп, олардың адресатқа әсер ету мүмкіндігін алдыңғы қатарға шығарды [4]. Кейінгі кездегі зерттеулерде эмоцияны тілдік сана, концептуалды жүйе және ұлттық мәдениетпен байланысты қарастыру үрдісі күшейді. Соның нәтижесінде эмотиология тіл біліміндегі пәнаралық зерттеу салаларының біріне айналды.

Қазақ тіл білімінде эмоция мәселесі ұзақ уақыт бойы экспрессивтілік, бағалауыштық және эмоционалды-экспрессивті лексика аясында қарастырылып келді. Қазақ эмотиологиясының қалыптасуына Ғ.Қ.Иманалиева зерттеулері елеулі үлес қосты. Ғалым қазақ тіліндегі эмоционалды құрылымдарды арнайы зерттеп, эмоция атаулары, эмоционалды реңк және эмотивті бірліктердің қызметін жүйелеуге талпыныс жасады [2]. Сонымен қатар қазақ тіліндегі фразеологизмдердің, одағайлардың, қаратпа құрылымдардың және синтаксистік тәсілдердің эмоцияны білдірудегі рөліне қатысты еңбектер кейінгі жылдары арта түсті. Бұл зерттеулер қазақ тіліндегі эмоцияны жеткізу құралдарының ұлттық дүниетаныммен, этномәдени тәжірибемен және коммуникативтік нормалармен сабақтас екенін көрсетеді.

Соңғы жылдары қазақ эмотиологиясы когнитивті лингвистика, прагмалингвистика және корпусстық лингвистика бағыттарымен сабақтаса зерттеле бастады. Әсіресе эмоцияны білдіретін тілдік бірліктердің мәтін ішіндегі қызметі, эмотивті валенттілігі, сөйлеуші мен адресат арасындағы прагматикалық қатынасты қалыптастырудағы рөлі ғылыми қызығушылық тудырып отыр. Сонымен қатар цифрлық коммуникацияның дамуына байланысты қазақ тіліндегі эмоцияны автоматты тану, жасанды интеллект жүйелерінде эмотивті модельдерді қолдану мәселелері де өзекті сипат алуда. Бұл қазақ тіліндегі эмоцияны атау, сипаттау және білдіру құралдарын кешенді түрде қарастырудың ғылыми маңызын арттыра түседі.

Қазіргі қазақ тіліндегі эмоционалды құрылымдарды зерттеген Ғ.Иманалиева тілдегі сөздердің «бір тобы эмоциялы реңкі бар, эмотивті мағынасы бар немесе эмоцияның атауы ретінде қызмет ететін сөздер болып табылатынын айтады [2, 116]. Тіл білімі саласындағы еңбектерде эмоциялы-экспрессиялы реңкі бар сөздер, эмоционалды-экспрессиялы сөздер деген атауға ие болғанымен, олардың барлығынан эмоционалдылықты аңғара бермейміз. «Мәселен, эмоция-экспрессив реңі бар зат есімдердің қатарына жатқызылып жүрген *қуаныш, ашу, күмән, қасірет* сөздерінің бойында жеке тұрғанда ешқандай эмоционалдылық жоқ, олар тек эмоцияның атын ғана атап, атауыштық қызмет атқарып тұр, ал бұл сөздердегі экспрессивтілік туралы сөз қозғаудың өзі артық» [2, 116]. Алайда автор жоғарыдағы атауға иемденген сөздердің барлығына қатысты сын емес, жеке тұрып-ақ эмоциялы да, экспрессивті де, эмоциялы-экспрессивті реңк пен мағына үстейтін сөздер тілде мол дей келе, эмоциялы-экспрессивті мәні жоқ санаттағыларды (*қуаныш, реніш, ашу, ыза* секілді сөздер) *эмотивтер немесе эмотивті тілдік бірліктер* деп атауды ұсынады [2, 117].

Эмотиологияның негізін қалаған В.И.Шаховский болса, эмоцияларды атау, сипаттау мен білдіру арасындағы метатілдік нақтылыққа жету мақсатында бұл мәселені көтере отырып, эмотивтер деп керісінше, эмоционалдылықты берудің прагматикалық әлеуетіне ие категорияларды ұсынады. Бұл тұжырыммен көптеген эмотиологтар келісіп, бүгінгі таңда

эмоцияларды атайтын және сипаттайтын бірліктерді индикативтер деп атауда [1]. Стивенсонның айтуынша, эмотивтер мен индикативтердің айырмашылығы – сөйлеу кезінде эмоциялар терминдері сол эмоцияларды білдірудің өте әлсіз құралы болып табылатынында. Эмоцияларды сипаттайтын вербалды дүниелер де логика-пәндік дискриптивті семаларға ие, оларды да эмотивтер қатарына жатқызуға болмайды [4].

Зерттеудің негізгі мақсаты – эмоцияны атау, сипаттау және білдіру үдерістерінің өзара ерекшеліктерін айқындау арқылы эмотивті лингвистиканың ұғымдық және терминологиялық жүйесін нақтылау. Сонымен қатар мақалада қазақ тіліндегі эмоцияны жеткізетін тілдік бірліктер лексикалық, фразеологиялық, морфологиялық және синтаксистік деңгейлер тұрғысынан кешенді түрде талданып, олардың семантикалық сипаты мен коммуникативтік қолданыс ерекшеліктері қарастырылады.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Мақалада қазақ тіліндегі эмоцияларды білдіретін тілдік бірліктердің ерекшеліктерін талдауға арналған кешенді әдіснама қолданылды. Зерттеудің негізгі материалы ретінде қазақ тіліндегі көркем әдебиет, публицистикалық мәтіндер, фразеологиялық сөздіктер, мақал-мәтелдер жинақтары, сондай-ақ ауызекі сөйлеу тілінің деректері пайдаланылды. Талдау материалы ретінде қазақ тілінің ұлттық корпусының кіші корпустарынан түрлі функционалды стиль мәтіндері бойынша мысалдар алынады.

Ұлттық корпуспен жұмыс істеу барысында эмоцияға қатысты тілдік бірліктерді іріктеу үшін семантикалық және контекстік іздеу тәсілдері қолданылды. Іздеу жүйесінде қуаныш, реніш, ашу, сағыныш, таңдану сияқты базалық эмоция атаулары мен олардың синонимдік, фразеологиялық және экспрессивті нұсқалары тірек бірлік ретінде алынды. Сонымен қатар эмоционалды мән үстейтін одағайлар, қаратпа құрылымдар, бұйрық рай тұлғалары, эмоционалды коннотациясы бар тұрақты тіркестер мен бағалауыштық лексемалар да қарастырылды. Корпустан алынған мысалдар мәтіннің функционалды стилі, эмоцияның берілу тәсілі және эмотивтілік деңгейі тұрғысынан сұрыпталды.

Мысалдарды іріктеу барысында бірнеше принцип басшылыққа алынды. Біріншіден, тілдік бірліктің эмоцияны атау, сипаттау немесе тікелей білдіру қызметі ескерілді. Екіншіден, бірліктің мәтін ішіндегі прагматикалық рөлі мен эмоционалды реңкі назарға алынды. Үшіншіден, мысалдардың қазақ тіліндегі табиғи қолданысты көрсетуі және түрлі функционалды стильдерде кездесуі басты шарттардың бірі болды. Осыған сәйкес зерттеуде көркем әдебиеттен, публицистикалық мәтіндерден және ауызекі сөйлеу үлгілерінен алынған деректер қатар қолданылады. Эмотивті құрылымдардың экспрессивті әлеуетін нақтырақ көрсету үшін контекст ішіндегі сөйлемдер толық сақталып берілді.

Талдау әдістерінің арасында сипаттамалық, компоненттік, лингвопрагматикалық және салыстырмалы әдістер қолданылды. Сипаттамалық әдіс қазақ тіліндегі эмоцияларды білдіретін лексикалық және грамматикалық бірліктерді жүйелеуге бағытталады. Компоненттік талдау әдісі эмоцияны білдіретін сөздер мен тұрақты тіркестердің семантикалық құрылымын ашуға мүмкіндік берді. Лингвопрагматикалық әдіс эмоцияның контекстік көріністерін қарастыру үшін қолданылды. Сонымен қатар вербалды эмоционалдылықты қабылдаудың аспектілеріне салыстырмалы әдіспен шолу жасалды.

Зерттеу жұмысы бірнеше кезең бойынша жүзеге асырылды. Алғашқы кезеңде эмотивті лингвистикаға қатысты отандық және шетелдік ғылыми еңбектерге теориялық шолу жасалып, зерттеудің ұғымдық-терминологиялық негіздері айқындалды. Екінші кезеңде қазақ тіліндегі эмоцияны білдіретін тілдік бірліктер ұлттық корпус, көркем әдебиет және ғылыми дереккөздер негізінде жинақталып, тақырыптық тұрғыдан топтастырылды. Үшінші кезеңде жиналған тілдік материалдарға семантикалық, прагматикалық және құрылымдық талдау жүргізілді. Соңғы кезеңде зерттеу нәтижелері жүйеленіп, қазақ тіліндегі эмоцияны атау, сипаттау және білдіру тәсілдерінің тілдік ерекшеліктері бойынша нәтижелер көрсетілді.

Зерттеу барысында Ғ.Қ. Иманалиева, В.И. Шаховский, Ч.Л. Стивенсон еңбектеріндегі эмотивтер мен индикативтер теориясына сүйеніп, қазақ тіліндегі эмоционалды бірліктердің прагматикалық және семантикалық ерекшеліктері айқындалды. Сондай-ақ, эмоцияларды атаушылық, сипаттаушылық және білдірушілік қасиеттері арқылы жеткізу механизмдері тілдің құрылымдық-жүйелік қабаттары бойынша жіктеліп, олардың қолданыстағы рөлі талданды. Бұл тұста қазақ эмотиологиясы бойынша отандық жас ғалымдардың зерттеулері мен Scopus, Web of Science базасында рецензияланған басылымдардағы соңғы зерттеулер негізге алынды. Жалпы, зерттеу нәтижелері қазақ тіліндегі эмоцияларды білдіретін тілдік бірліктердің табиғатын түсінуге және олардың прагматикалық қызметін нақтылауға бағытталған.

НӘТИЖЕЛЕР

Қазақ тілінде эмоцияларды білдіруді түсіну тілдің бірегей лексикасын, морфологиясын, синтаксисін және мәдени мәнмәтінін зерделеуді талап етеді. Қазақ тіліндегі эмоцияларды атау, сипаттау мен білдірудің маңызды аспектілерінің бірі – экспрессивті және эмотивті лексиканы қолдану. Лексикалық қабат аспектісінен қарағанда, эмоцияларды атайтын номинатив-эмотивтер қай тілде болсын жетерлік. Қазақ тіліндегі «қуаныш», «реніш», «бақыт», «қайғы», «шаттық», т.б. сезім атаулары актив қабатта болса, «масаттық», «торығу», «қаһар», «нала», «кіжіну», «қапа», «тосырқау», т.б. секілділері пассив қабатта. Зерттеуші Ғ.Иманалиева адам бойындағы эмоциялардың қажеттіліктердің өтелу-өтелмеуіне қарай *жағымды* және *жағымсыз*, адам өміріне әсер ету күшіне қарай *күшті* және *әлсіз*, сапасына қарай *күрделі* және *қарапайым* деп топтастыруға сәйкес, қазақ тілінің эмоционалды құрылымдарын талдайды [2]. Қажеттіліктің өтелуін көрсететін топтағы эмотивті лексикалық тілдік бірліктердің барлығы эмотив-номинативтерге жатады. Жағымды эмоция атаулары: *қуаныш, сүйіспеншілік, еркелеу, қызығу*, т.б. жағымсыз эмоция атаулары: *үрей, абыржу, ыза, қорқыныш, кек, қайғы, налу*, т.б. Қалған эмоцияларды (күшті, әлсіз, күрделі, қарапайым) түсіндіру үшін қазақ тілі көбінесе оларды сипаттау мен білдіруге икемді. Эмоцияларды сипаттай отырып тұрақты сөз тіркестерін қолдану - басымдықта.

Эмоцияға қатысты тұрақты сөз тіркестері ұлттық болмыстың негізгі көрінісі болып табылады. Қазақ тіліндегі фразеологиялық бірліктер, әсіресе, эмоциялық жағдайларды сипаттауда ерекше рөл атқарады. «Жүрегі жарылу», «көзі мөлтілдеу», «көңілі жабырқау» сынды сөз тіркестері адамның ішкі сезімдері мен күйзелістері туралы ақпарат береді. Олар эмоционалды бейнелеудің кең шеңберін қамтып, адамдар арасындағы қарым-қатынасты түсінуге мүмкіндік береді [5].

Адам белсенділігіне қарай бөлінетін күшті және әлсіз эмоцияларға сағыныш, қорқыныш, реніш т.б. (әлсіз немесе астеникалық), қуаныш, ашу, т.б. (күшті немесе стеникалық) жатады. «Күшті эмоция болып саналатын ашуды оған синоним ретінде де қолданылатын ренжу ұғымымен салыстырсақ, бір-біріне синоним болғанымен екеуі деңгейі жағынан бір емес. Ашулану – ренжудің жоғары деңгейі ретінде көрінетін психологиялық жағдай. Ашу – адамның эмоциялық жағдайын білдіретін атау» [2, 43-44] Оларды сипаттауға көмектесетін тұрақты сөз тіркестері көбінде күшті эмоциялардан көрініс табады: «*Құзғын сәріден көні кепкен ит-ай!*» *Зығырданы қайнаған шал ас бөлмеден үлкен зеренмен су алып, баласы жатқан бөлмеге кірген (Несіпбек Дәутайұлы. Шал). Ал адам бойындағы кемшілікті, сатқындықты көргенде, бүгін өмірден кетіп қалатындай қамығатын, жас баладай ызаға булығып, ешкімге білдірмей жылайтын (Гүлтас Сайынқызы. Тау суындай тұнық жырдың иесі). Алғаш дәу мәшине «дүр» ете қалғанда зәресі қалмай, жүрегі аузына тығылып, дірдек қаққаны да есінде. Бір сәт, сонау жарты гасырды еңсерген, бұрынғы жастық шағы қайта орнағандай жүрегі аударылып түсті (Самал Шаймерденова. Моншақ пен мойнақ)* [6].

Зерттеулер көрсеткендей, қазақ тілінде әртүрлі эмоционалды күйлерді жеткізетін эмотивті бірліктердің бай қоры жеке тұрғанда сезім мен эмоцияға қатысы жоқ сөздер болуы мүмкін. Айталық Ж.М.Пансат және т.б. «көк» концептісі сияқты нақты ұғымдардың

когнитивтік семантикасы эмоциялардың қазақ тіліндегі лингвистикалық кодталуын айқындайды. Көп семалы болып келетін (*аспан, тамыр, негіз, шығу тегі, еркін, ер тұрман, тігіс, көк, көк сұр*) «көк» сөзінің аспан мен түс атауы мағынасын бергендегі нұсқалары тілдік коммуникацияда жоғары эмотивтілікке ие. Сондай-ақ *көк азу, көк жалқау, көк жамбас, көк долы, көк бет, көк қарын, көк пері*, т.б. тұрақты тіркестерде «көк» ұғымы – көбінесе ашуды білдіруге көмектесетін бата мен қарғыстарда көрініс тапқан эмотив. Синтаксистік тұлғасы инверсия, қайталау және эллипсис ішінде қолданысқа түседі [7]. Айталық, «Көк» семасының батадағы қолданысы: «*Көсегең көгерсін!*», «*Көсегең көгерсін, көрпең ұзарсын!*», «*Көк майсадай көгеріп өсе бер!*», «*Көктеп, көбейе беріңдер!*», «*Төбең көкке жете берсін!*». Ал аталмыш семаның қарғыстағы қолданысына мысалдар келесідей болмақ: «*Көк келгір! Көк келгір!*», «*Көгермей, көктей сол! Қыршыныңнан қиылғыр!*», «*Көктей солғырлар-ай!*», «*Көк түйнек болғыр!*», «*Көк шешек келгір*». Бұл мысалдар қазақ тілінің эмотивті сөздігінің кеңдігін ғана емес, сонымен қатар қазақ халқының құндылықтары мен эмоционалды тәжірибесін көрсететін мәдени маңызы бар аспект екенін көрсетеді. Түс атаулары белгілі бір сезімдердің эмоционалды реңктерін қарастырған жұмыс нәтижелері күрделі эмоционалды күйлерді білдіру құралы ретінде қызмет ететін қазақ тілінің мәдени және танымдық шеңберінің ауқымдылығымен байланысты екенін көрсетеді [7].

Итшіл тіршіліктің запыранын жұтып көрмеген күшіктер еселерінің көк шандыр емшегін созғылайды (Асылбек Ихсан. Дүңгіршек) «...масаға түтін салғандай көк тұман...», «-Қамбаның меншігіндегі теріде не әкеңнің құны бар, көзіңе көк шыбын үймелетейін бе?! (Сәкен Сыбанбай. Көпеннің көркем күлкісі); Сабырлы, қой аузынан шөп алмас момын кісі өзінің жеке басынан өткерген хикметі бөтенге көк тиын керегі жоқ деп біледі, басқа біреу естуге тұрмайтын ұсақ-түйек санайды (Әсел Омар. Әлібектің әлемі) [6]. Көк шандыр, көк тұман, көк тиын дегендерде нысанға алынып отырған түстің мәнмәтінге қарай жағымсыз коннотациясының экспрессивті, ал *көк шыбын* тіркесі қолданылған сөйлемде басты мән оқырманға әсер ету емес, айтушының эмоциясын көрсету болғандықтан, эмотивті әлеуеті ашылады. Тілдік бірліктің эмотивті және экспрессивті қызметі жайлы көптеген зерттеулерде осы метатілдік ерекшелік көрсетіледі [2], [1]. Сәйкесінше эмотивті әлеуеті ашылған «...*көзіңе көк шыбын үймелетейін бе*» сөзі эмоцияны білдіру қызметін атқарып тұр.

Қазақ тіліндегі эмоцияны білдіретін тілдік бірліктерді талдау барысында олардың тек лексикалық деңгейде ғана емес, фразеологиялық және синтаксистік құрылымдар арқылы да жоғары эмотивті әлеуетке ие екені анықталды. Әсіресе тұрақты тіркестер адамның ішкі психоэмоционалды күйін бейнелі түрде жеткізудің маңызды құралы болып табылады. Зерттеу барысында эмоцияны сипаттайтын және білдіретін фразеологиялық бірліктердің жағымды және жағымсыз эмоцияларға қарай жиі жіктелетіні байқалады. Мысалы, «*төбесі көкке жету*», «*ішек-сілесі қату*» тіркестері қуаныш пен шаттықты білдірсе, «*жерге кірердей болу*», «*қабағынан қар жауу*», «*жүрегі тас төбесіне шығу*» тәрізді тіркестер қорқу, ұялу мен ашуға байланысты қолданылады.

Төмендегі кестеде эмоцияны білдіретін кейбір фразеологиялық бірліктердің семантикалық сипаты көрсетіледі.

1 Кесте. Эмоцияны сипаттайтын фразеологиялық бірліктердің семантикалық сипаты

<i>Тұрақты сөз тіркесі</i>	<i>Сипаттайтын эмоция</i>	<i>Эмотивті қызметі</i>
<i>Төбесі көкке жету</i>	<i>Қуаныш</i>	<i>Жағымды эмоцияны күшейту</i>
<i>Ішек-сілесі қату</i>	<i>Көңі күй, шаттық</i>	<i>Экспрессивті күлкіні білдіру</i>
<i>Жүрегі тас төбесіне шығу</i>	<i>Қорқыныш, үрей</i>	<i>Күшті үрейді жеткізу</i>
<i>Қабағынан қар жауу</i>	<i>Ару, реніш</i>	<i>Жағымсыз эмоционалды күйді сипаттау</i>
<i>Жерге кірердей болу</i>	<i>Ұялу</i>	<i>Ішкі психологиялық қысымды көрсету</i>

Сөздік қордан басқа, қазақ тілінің морфологиялық, синтаксистік құрылымдары да эмоцияларды білдіруде белгілі бір рөл атқарады. Енді эмоцияны білдіру қызметіне кеңінен тоқталайық. Мысалы, Р.Қ.Бақбергенованың зерттеуі қазақ тіліндегі экспрессивті лексиканың

этномәдени сипатына баса назар аударады. Ешбір қосымшасыз жеке тұрып эмотивтілік қызметін атқаратын *тамаша, шіркін, гажайып, гажап, жексұрын, мыстан, сайқал* сияқты лексемаларды алып, морфологиялық жолмен жасалған *әкетай, агажан, апатай, анашым, құлыншақ, ботақан, боташым, айналайын* т.б. лексемаларын көрсете отырып, түрік тіліндегі баламаларын іріктейді [8,24]. Мұндағы туыстық қатынастың жағымды субъективті қатынасын білдіруге көмектесетін *-тай, -жан, -еке*, т.б. өнімді тұлғалармен қоса, тәуелдік жалғаудың бірінші жағы да (*-ым, -ім, -м*) эмотивті мән үстейді. Бірінші жақтан өзіне тәуелдеп, меншіктеп қарату арқылы сөйлеуші нысанға деген жағымды қатынасын, эмоциясын білдіреді. Ауызекі сөйлеуде екінші жақта тәуелденген сөзді қолдану арқылы керісінше жақтыртпау, менсінбеу, кемсіту мәні беріледі. *Айнала қоршаған балалар «Мынауың жынданғаннан сау ма?» деп таңданыса қарасты бір-біріне.* (Мұхтар Түменбаев. Домалап келген доп). *Атаңның көрі, сол бақ-қыдыр дегенің менің жас кезімде қайда жүрді екен?» депті* (Бақытжан Кененұлы. Табынамын жүрегіне қазақтың) [6]. Осы ретте ортақ тәуелдеудің бірінші жағы (*сөзіміз, жұмысымыз, күніміз, т.б.*) мен жіктік жалғаудың көпше түрінің бірінші жағы (*айтамыз, айттық, айтып келеміз, айтып жүрміз, т.б.*) тыңдаушыға экспрессивті түрде бейтарап әсер етуді көздеп, керісінше қызмет атқарады. Бұндай құбылысты 1970 жылдардың басында американдық лингвист Джонн Лакофф енгізген «хеджирлеу» терминімен атайды. Хеджирлеу («hedge» - «қаша, қоршау») - бұл лингвистикалық құбылыс, оның мақсаты - сөйлеудің ішкі күшін әлсірету немесе күшейту [3].

Ризашылдық пен өкінішті білдіретін просодикалық өзгерістер де эмотивтілікті білдіретін категорияға жатқызылады. *Ойпыр-о-о-ой, ойб-а-а-ай, құдайым-а-а-ай*, т.б. Қазақ тілі қарым-қатынаста эмоцияларды тиімді жеткізу үшін шешуші мәнге ие еліктеуіш сөздер мен одағай сөздердің арқасында жоғары экспрессивтілікті, эмоционалдык белсенділікті көрсетеді. Ш.Сарыбаев топтастырған (эмоционалды, императивті және тұрмыс) одағайлардың барлық түрі жоғары эмотивті әлеуетке ие. *«Интерактивті коммуникацияда коммуниканттың көңілі толу, риза болу, таңдану, сүйсіну эмоциясын білдірумен қатар бірдеңеге келіспеу, риза болмау, көңілі толмау мағынасында жұмсалатын туһ одағай сөзі. – Туһ, қандай әдемі болып кеткенсің! – Туһ, даусың неткен нәзік еді! – Туһ, өзің сөз ұқпайтын адамсың зой! Бәрекелді! Әттеген-ай, әттең»* [8, 26]. Мысал етіп берілген барлық бірліктерді эмоцияны білдіретін категорияға жатқызамыз [8].

Н.Айтова мен Д.Оспанованың етістікке негізделген эмоционалды құрылымдарды зерттеуі нақты грамматикалық құрылымдардың эмоционалды күйлерді тиімді беру үшін сөздерді қалайша өзгерте алатынын көрсетеді [9]. Айталық бұйрық райлы етістің қолданысы тілімізде көбінесе реніш, ашу, қорқыныш, мақұлдамау, таңдану эмоциясын жеткізеді. - *Кетші ары, сенімен ойнамаймын!* (реніш); - *Кет жоғал, көзіме көрінбей!* (ашу); - *Шық оңбаған, кет әрі!* (қорқыныш аралас ашу); - *Кет ары, мен сенің папаң емесін* (мақұлдамау, таңдану). Зерттеушілер шартты рай тұлғасындағы «*алсамшы, білсемші,...*» етістіктері де эмоционалды әлеуеті баяндаушының эмоцияларымен тікелей байланысты екенін атап өтеді. А. Байтұрсынұлы мұндай құрылымды жанашырлық мағынасымен байланыстырып, «реніш рай» деп атайды. *Есімнен танғандай аңтарылып, көркінен көзімді ала алсамшы* (Көлбай Адырбекұлы. Ауыл хикаяларынан); *Неге екенін білсемші, мұндай әңгімелер айтар алдында ол кісі «балалар, мен қазір сендерге қауашақ айтып берейін, мықтап түйіп алыңдар» деп байыптап бір қарап алатын да ұзақ әңгіме бастайтын* (Мұхтар Күмісбек. Бақбақ тістеген тарих).

Морфология деңгейінде сезім білдірудің тағы бір құралы - көмекші етістіктер. Олар эмоционалдылықты жеткізу үшін қолданылғанда әртүрлі реңктерге ие болады. Мысалы, *екен* сөзі контекстке қарай тілек, сұрақ, сенімсіздік, оқшаулану, әдепкі құбылысқа қарсылық, тілек, ал ауызекі сөйлеу барысында қыстырма сөз қалпында келеді. *Бекер үрейленген екенмін. Бекер қапаланған екенмін. Сабама түсейін. Осы жатқан жерінде жайрата салсам ба екен? Бәлеге қаламын ау.* (Ермек Аманшаев. Ібіліс пен Адам) *«Мұндай жазғдай ертең де болатынын» оқырман бүгін көңіліне түйсе екен дейді* (Абылай Есімбай. Жарым). *Білгені сол болса – айтсын, өресі сондай екен – жазсын, жазғырсын* (Рақымжан Елешев. Желтоқсан жарасы).

Жеке тұрған эмотивті бейтарап сөз басқа сөзбен тіркесуде, мәнмәтін ішінде қолданылуына қарай түрлі коннотацияларға ие болатыны белгілі. Солардың ішіндегі эмотивті коннотацияны беруі арқылы эмоцияны білдірудің, жеткізудің синтаксистік қабаттағы құрылымдары ашылады. Бұл тұстағы соңғы жылдардағы зерттеулер сөздің эмотивті валенттілігі құбылысын нысанға алуда. Мысалы, Д.Оспанова және т.б. зерттеулері [10] эмотивті валенттілікті зерттеп, оның лингво-коммуникациялық негіздемесін ашады. Мұндағы *эмотивті валенттілік – сөздің өзге сөзбен байланысқа түскенде өзінің эмотивті қызметін жүзеге асыру қабілеті*. Тілді қолданудағы мұндай икемділік қазақ тіліндегі эмоцияларды білдірудің динамикалық сипатын көрсетеді, мұнда мәнмәтін мағынаны қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Жоғарыда аталған зерттеуде қазақ тілінің өз ішіндегі мысалдары қарастырылса (мысалы, *бейшара* – байғұс, шарасыз мәнінде; жағдайы нашар, аяныш сезімін тудыратын хәл мәнінде; сорлы, мүсәпір, ынжық мағынасында; «*қызысмақ*», «*қыздай*», «*қызға ұқсап*» мысалдарын салыстыру, аласа бойлы, қортық, тышқан, тапал, мыртық, кішкентай, кіттай, «типшә», «бойы бір тұтам», тапалтақ мысалдарын салыстыру), Д.Мұқанова және т.б. мақаласында [11] «*байлық*» және «*кедейлік*» сияқты ұғымдардың қазақ, қытай және ағылшын тілдерінде лингвистикалық түрде қалай ұсынылатынын зерттеп, эмоциялардың көрінісіне әсер ететін әртүрлі мәдени көзқарастарды анықтайды. Бұның барлығы сөздің эмотивті валенттілігін талдау арқылы жүзеге асады. Бұл салыстырмалы тәсіл эмоцияларды олардың мәдени контекстінде түсіну қажеттілігін көрсетеді, өйткені әртүрлі тілдер ұқсас эмоцияларды әртүрлі кодтауы мүмкін.

Сөз мағынасының өзгеруімен қоса, түрлі синтаксистік құралдар да сөйлеуші көңіл-күйін, бағасын және адресатқа қатынасын білдіруде маңызды қызмет атқарады. Олардың негізгілері болып оңашалануды, транспозицияны және парцелляцияны көрсетеміз. Мұндағы оңашалану – сөйлем мүшелері арасындағы логика-семантикалық қатынастың өзгеруі (*Қасымдағы адам, менің жалғыз құрбым, осындай жағдайға тап болғаны қалай болды?! – ұғым, бейне, сипатқа ерекше мәнерлілік беру*), транспозиция – сөйлем бірліктерінің қызметтік мәнін морфосинтаксистік жақтан қайта құру (*Күлуін!.. - Сөгіс мәнді атаулы сөйлем. Қаңғыған неме! Өркенің өскір! - Тілек мәнді атаулы сөйлем*), ал парцелляция – сөйлем тұтас құрылысының бұзылуы немесе мүшеленуі (*Өзің бара алдың ба? Қыз ұзатуға? – әрекеттің күтпеген жерден шыққанын түсіндіретін аралас таңдану мен жан ашу, т.б. сезімдеріне байланысты*).

